



ОЗЕН

№8 (42) ТАМЫЗ, 2019 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛДЫ

Компанияның бас директоры Есен Өтеевтің төрағалығымен өткен жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның жеті айдағы қорытынды есебі тыңдалып, алға қойылған жаңа жоспарлар пысықталды.

– Шілде айындағы мұнай тапсыру жоспары 900 тоннаға артық орындалып, 100,19%-ды құрады. Жалпы 7 айдың қорытындысы бойынша мұнай тапсыру жоспардан 7198 тоннаға артық орындалып, 100,25%-ды құрап отыр. Бұл табыс пен жетістік баршамамызға ортақ, – деген Есен Оғланұлы компания басшылығының алдына өндірісті дамытуға бағытталған жаңа міндеттер қойды.

Кәсіпорынның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі екенін тағы бір мәрте еске салған бас директор компанияда еңбек қауіпсіздігін сақтау – әрдайым жіті назарда екенін айтты. Бұл орайда, кәсіпорын жүргізушілерінің жылдамдықты асырмауын қадағалап, GPS навигаторларды қатаң бақылауға алуды тапсырды. Жылдамдық деңгейін асырған жүргізушілермен жеке-жеке түсінік жұмыстарын жүргізіп, жолдағы қауіпсіздік тікелей олардың



іс-әрекетіне байланысты екендігін жете түсіндіру қажеттігі жеткізілді.

Компаниядағы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің жұмыс уақытында тәртіп сақтап, міндетті орнын тастап кетпеуін қатаң қадағалауды тілге тиек етті. Сондай-ақ, жерастына айдалатын судың көлемін қайта есептеп, үнемделген судың және электр энергиясының қаражатын басқа салаларға қайта бағыттау жағын қарастыру, «Ысырапсыз өндіріс» жобасы бойынша жасақталған бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету,

ағымдағы құрылыс жұмыстарын қадағалау, асхана шатырларының ақауларын тексеру мақсатында комиссия құру, «Кендірлі» демалыс аймағын жақсарту аясында іс-шаралар жоспарын жасақтау, сервистік мекемелердің сапасыз жұмысын болдырмау секілді мәселелер бойынша бірқатар жаңа міндеттер жүктеді.



ҮЗДІК МАМАН – 2019

МӘРТЕБЕ мен ЖАУАПКЕРШІЛІК



Өндіріс тірегі – өз ісінің білікті мамандары. Маман қолға алған ісінің шебері болса кез келген жұмыстың өнімділігі жоғарылап, табысы артады. Ал, сол жұмыскерлердің кәсіби шеберлігін шыңдауда компаниямызда жылда ұйымдастырылатын «Үздік маман» кәсіби-шеберлік байқауының атқарар рөлі зор.

«Өзенмұнайгаз» АҚ басқармалары арасындағы дәстүрлі «Үздік маман» байқауы өз мәресіне жетті. Ең үздік деген көрсеткіш көрсеткен мамандарды «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев пен кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов құттықтап, жеңімпаздарға марапаттарын тапсырды.

– Жыл сайын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қарасты мекемелер арасында ұйымдастырылатын «Үздік маман» сайысы қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін шыңдап қана қоймай, жұмысшы мамандығының мәртебесін көтереді. Дәстүрлі «Үздік маман» сайысының барша қатысушыларын шын жүректен құттықтай отырып, алдағы шешуші сайыста компаниямыздың намысын сәтті қорғап шығуларын тілеймін! – деп құттықтауын білдірген Есен Оғланұлы осы жылдағы 7 айдың қорытындысы бойынша мұнай тапсыру жоспардан 7198 тоннаға артық орындалуы – бірлігі мен білігі ұштасқан ұжымның ортақ жеңісі екенін жеткізді.

Салтанатты жиын марапаттау шарасына ұласып, өз кәсібін шебер меңгерген қызметкерлерге I, II, III орын дипломдары және қаржылай сыйлықтар табысталды. 13 мамандық бойынша сынға түскендердің арасында үздік атанып, зор мәртебе мен жауапкершілік жүктеген жеңімпаздар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес мекемелер арасында өтетін байқауда кәсібиліктерін қайта сынға салатын болады.



ҚАДІРМЕНДІ КӨЛІК САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Бүгінде қоғам өмірінің айнымас бөлшегіне айналған транспорт саласынсыз өндірісті елестету мүмкін емес. Бұл саланың маңызы елімізде экономиканы үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту белсенді іске асырылып жатқан кезде айрықша арта түсті.

«Шабатын көлік күйі тілейді» дейді қазақ. Сондықтан, да қолданыстағы техникаларды жаңалау, өндірісті модернизациялау, мұнайшылардың жұмысын жеңілдету мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-да 2016-2021 жылдарға арналған кешенді бағдарлама қабылданған болатын. Бүгінде осы бағдарлама аясында жыл сайын 100-130 техникаға дейін жаңаланып отыр. Биылғы жылы да 129 техника сатып алынады. Одан бөлек, транспорттық басқармаларда атқарылып жатқан құрылыс жұмыстары, күрделі жөндеу, салынып жатқан жаңа ғимараттар, яғни мұнайшылардың еңбек жағдайын жақсартып, өндірісті дамытуға бағытталған шаралар жоспарлы түрде жалғасын табады.

Барлық көлік және байланыс қызметкерлеріне еселі еңбектеріңіз бен мамандыққа адалдығыңыз үшін алғыс айтамын. Жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілей отыра, алдарыңызда тұрған міндеттерді шешуде инновациялық көзқарастарды сақтап, компанияны дамытуға үлестеріңізді қоса береді деген сенім білдіремін.

Құрметпен, Мақсат ИБАҒАРОВ,
Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары



КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖАҢА ТЕХНИКАЛАРМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Дәстүрге сай, біз тамыз айының алғашқы жексенбісінде көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өтеміз.

Сіздердің адал еңбектеріңіз біздің күнделікті тыныс-тіршілігімізді елестету мүмкін емес. Тынымсыз қозғалыс, қауіпсіздік, нақтылық пен тасымалдау жұмыстарының барлығы көлік және байланыс қызметкерлері арқылы жүзеге асады.

Ағымдағы жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ өндіріс жұмысына қажетті 129 арнайы техникамен толығымен көзделіп отыр. Транспорт басқармаларына қарасты жөндеу цехтарына, жұмысшылар автостанциясына, қоймаға күрделі жөндеулер жүргізілуде. №2 СҚКБ-да жаңадан ангар салынып жатыр. Ары қарай белгіленген жоспар бойынша қалған техникалар сатып алынып, күрделі жөндеу жұмыстары жалғасын табады. 2020 жылға қарай тағы да 123 дана техника алуды жоспарлап отырмыз.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да еңбек ететін көлік саласының қызметкерлері біліктілігімен, адал еңбектерімен қашан да ерекшеленіп отыратын кәсіби тәжірибелі мамандар. Көлік қызметкерлерінің мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Шаңырақта-рыңызға бақыт, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Айтқали БАШЕНОВ,
Транспорт жөніндегі басқарушы директор

КӨЛІК КАБИНАСЫНДАҒЫ 43 ЖЫЛ



Өсер БАЙБУСИНОВ,
Химияландыру және экология басқармасы автотізілбек цехының жүргізушісі

Өсер Байбусинов қарашаңырақ – Қызылсай мектебінің түлегі. Өкесі – марқұм Сағын ақсақал Өзен кенорнын алғаш игерушілердің бірі, ардагер мұнайшы.

1976 жылы орта мектепті тәмамдаған Өсер Сағынұлы сол жылы «Мангышлақнефть» мекемесіне слесарь болып жұмысқа орналасады. Кейін Германияда әскери борышын өтеген ол осы мекемеге қайтып келіп, енді жүргізушілік бағытында жұмысын жалғастырады. Замана құбылып, әр жылдары мекеме атауы өзгеріп, түрлі тоқырауды бастан кешсе де Өсер аға табан аудармастан осы басқармада табаны күректей 43 жыл еңбек етіп келе жатыр. Көліктің «құлағында» ойнайтын кәнігі маман Өзен кенорнының ойы мен қырын бес саусағындай жатқа біледі.

Өндірісті қажетті химиямен қамтамасыз ететін жүргізуші: «Есімді білгелі тізгіндегенім – осы көлік, күнделікті жолым – кенорынның іші. Жұмысымды ешқашан қиынсынып көрмеппін, мүмкін өмірімнің жартысынан көбі осы жерде өткендіктен болар», – дейді.

Жарты ғасыр ғұмырын түбек мұнайын игеруге атсалысып келе жатқан ел ағасы бүгінде екі ұл, бір қызынан тараған он немеренің бақытты атасы, еңбекте сыйлы, айналасына абыройлы азамат. Бұйырса бірер жылдан зейнет жасына шыққалы отырған Өсер аға: «Еңбек демалысымда мал бағып, жылқы өсіруді кәсіп қыламын», – дейді. Еңбекқор азаматтың деніне саулық, шаңырағына береке тілейміз. Барлық ойлаған игі мақсаттарыңыз орындала берсін!

«МАМАНДЫҒЫМА ӨКІНІШІМ БОЛМАПТЫ»

Әр адамның өмір өрнегі түрліше өріледі. Кейде бір сәтсіздік бір бақыттың бастауы болып жатады. Жарты ғасыр тракторист болған Әбдіғали ағаның де еңбек жолы осындай «келеңсіз» оқиғамен басталған.

Онжылдықты үздік бітірген Әбдіғали Сәрсеновті Ашхабадтың белді оқу орны мұнай-газ факультетіне емтихансыз қабылдауға шешім шығарады.

– Сонда бізге ақыл айтатын ешкім жоқ, мұнай десе, көз алдымызға геолог келеді. Геологтар үй көрмей далада қаңғып жүреді, одан да құрылысшы болайын деп, құрылыс факультетіне оқуға түстім. Балалығым болар, ауылға кетіп қалып, Ашхабадқа тек 10-шы қыркүйекте келдім. Ол уақытта мынандай дарханшылық заман жоқ, келсем көшіккенім үшін оқудан шығарып жіберіпті. Содан ауылға қайтып баруға бет жоқ, бір жыл трактористтің оқуын оқыдым. 1975 жылы ата қонысқа табан тіреп, алғаш еңбек жолымды осы басқармадан бастадым. Тракторист болдым екен деп бір сәтке де өкініп көрмеппін. Мүмкін маған Алла Тағала ризығымды осы кәсіптен бұйыртқан шығар. Тағдырыма ризамын, – деп күлімсірейді Әбдіғали аға.

Маманның айтуынша, экскаватор машинистері өндіріс орындарындағы барлық қазу, тегістеу, көму, мұнай құбырларын ашу секілді жұмыстармен айналысады. «Шетелдік техникалар қатарға қосылғалы бері жұмыс айтарлықтай жеңілдеді, қолмен жасап жатқан түгіміз жоқ, техника айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүріп тұр. Тек жұмыс істеу керек. Қызметтің жаманы болмайды. Жарты ғасырға жуық еңбек етіп келемін, қаншама бастық ауысты. Кешегі трактордың алдына түсіп жүгіріп жүретін жас жігіттердің көпшілігі қазір басшылық қызметте. Көрген жерде құрақ ұшып тұрады. Бұл – сыйластық. Жастарға айтарым – қай жерде жүрсең де, қандай жұмыс істесең де өз ісінді жауапкершілікпен адал атқарсаң – міне нағыз абырой деген сол», – дейді.

Бүгінде Әбдіғали аға жолдасы екеуі ұлды ұяға, қызды қияға қондырған бақытты отбасы. Қарапайымдылық пен адалдықты ту етіп ұстаған жайсаң азаматқа осы қалпыңыздан таймаңыз, абырой биігіңіз аласармасын деген тілектер айтамыз.



Әбдіғали СӘРСЕНОВ,
№3 СҚКБ №4 автотізілбектің экскаватор машинисі

БІЛІКТІ ЖҮРГІЗУШІ –ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУШІ

Көліктің жүргізушісі болу оңай емес. Бұл – ауыр да жауапты еңбектің бірі. Жүйкелік-эмоциялық жүктеме зор. Сондай-ақ, бұл мамандық зейіннің тұрақтылығы мен жинақылығын талап етеді. «Өзенмұнайгаз» АҚ-да жарты ғасырға жуық бір мекемеде табан аудармай қызметте жүрген кәсіби жүргізушілер көп емес. Соның бірі – Досқали Ақжігітов.

Жаңаөзендік Досқали Ақжігітовтің болмыс-бітімі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзінен құдды осы маңның тумасы сияқты әсер қалдырады. Әсілі өмір-өзен ағысы Досқали Құтжанұлын 1956 жылы бұрынғы Шымкент облысы, Ақалтын ауданында дүниеге келтіріп, 1963 жылы мектеп табалдырығын аттап, енді әріп тани бастаған шағында, яғни 1965 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қоныс аудартады. 1974 жылы әскер қатарына алынып, екі жыл әскерде болады. Отан алдындағы перзенттік борышын өтеп келген Досқали қазіргі Түркістан, бұрынғы Шымкент облысында алғаш рет өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. 1977 жылы белгілі бір себептермен Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласына отбасымен қоныс аударады.

Жаңаөзен Досқали Құтжанұлына көп нәрсе берді, игілігін аямады. Осында келіп өз отбасын құрды, екі перзент сүйіп, қазіргі таңда төп-тәтті үш немеренің ақыл айтар атасы.

– Мен көлік саласында 1976 жылдан бастап еңбек етіп келемін. Ыстық болсын, суық болсын енді жүргізушілердің жұмыс орны – жол. Бәрін де көреді. Көлік жүргізушісі болып жұмыс істегеніме бүгінде 40 жылдан асты. Жолаушылардың көпшілігі таниды. Өз бағытымды, әр бағдаршам мен оның қанша секунд жанытынына дейін жақсы білемін. Мен үшін жолаушылардың қауіпсіздігі бірінші орында. Қазір 63 жастан асып, зейнетке шығайын деп жатырмын. Өміріме, жұмысыма ризамын. Әріп-тестерімді мерекесімен құттықтаймын, әрқашан жолымыз ашық болсын, – дейді тәжірибелі көлік жүргізуші Досқали Құтжанұлы.



Досқали АҚЖІГІТОВ,
ТТБ көлік жүргізушісі



ҚҰРЫЛЫС – ӨНЕРКӘСІП КҮРЕТАМЫРЫ

Жұмыстың жұмыстан еш артықшылығы жоқ. Дегенмен де, әлемдегі ең ауыр мамандықтар қатары жасақталған. Барлығының қиындықтары – адам өміріне қауіптілігімен өлшенген. Солардың арасында, құрылысшы мамандығы да бар. Құрылыс саласы тек қана адам өміріне қауіпті болуымен ғана емес, ол қисық қағылған шегеден-ақ бар жұмысыңды жоққа шығарып, жауапкершілікті талап етеді. Осындай ауыр да жауапты жұмыс иелері – құрылысшылардың тамыз айының екінші жексенбісінде аталып өтетін мерекесіне орай компанияның күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Бисен Ратовпен әңгімелесіп, компаниямызда құрылыс саласында жасалып жатқан жұмыстармен таныстық.

– Күрделі құрылыс департаментінің бүгінгі күнгі тынысы қалай, қандай өндірістік нысандар салынууда?

– «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылыс саласы үздіксіз дамып келеді. Бұл өндірістік саланы заманауиландырумен қатар, мұнайшыларға оңтайлы еңбек етуге жағдай жасаудан туындап отырған өмір талабы.

Күрделі құрылыс саласына үстіміздегі жылға 16 383 174 мың теңге қарастырылды. 7 айдың жоспары бойынша 5 680 558 мың теңге жұмсалған. Ал, атқарылған жұмыс көлемі 98%-ды құрап отыр.

Компания қарамағындағы құрылыс департаментінің жұмысы қашанда қарқынды. Жыл басынан бері бұрғылаудан кейінгі 147 мұнай ұңғымасын және 30 айдау ұңғымасын қалпына келтіру жұмыстары атқарылды.

Қазіргі таңда №1 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының әкімшілік ғимараты салынып болды. Мердігер мекеме «Қараой-құрылыс» ЖШС атқарған құрылыс жұмыстарының құны 212 млн теңге. №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №8, 11 мұнай-газ өндіру цехтарының әкімшілік ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасындағы аумағы 20 000 м3 су тұндыру қазандығының да құрылысы қарқынды. Биыл кәсіпорында осындай 2 қазандық пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, Химияландыру және экология басқармасының зертханасы мен «Медикер» ЖШС ескі ғимаратында күрделі жөндеу

жұмыстары жүріп жатыр. Жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайын туғызып, жұмыс қарқынын арттыру мақсатында Сквжиналарға қызмет көрсету басқармаларында бірқатар шаралар атқарылуда. Атап айтсам, қазіргі таңда №3 СҚКБ автотізбектерді жөндеу бокстары, тізбек басшыларының әкімшілік ғимараты, қойма күрделі жөндеуден өткізіліп, кіреберістері слагбаумдар жаңартылды. Жақын күндерде 51 техникаға арналған шатырдың құрылысы басталмақ. №2 СҚКБ-да көліктерге арналған ангар салынып жатыр.

Кез-келген қызмет саласының өз ауыртпашылықтары болады. Сол себепті жұмысты дұрыс жоспарлап жолға қоя білу маңызды. Қоғамның құрылыс саласы құрылыс жұмыстарымен қатар, жобалау іздестіру және сметаларды құрумен айналысады.

– Бүгінгі бәсекелестік заманында компанияда бой көтеріп жатқан ғимараттардың сапасы қалай? Жалпы құрылыстағы жаңашылдықтар, модернизациялау жайында айтып өтсеңіз.

– Әрине, қазір әлем көз ілеспес жылдамдықпен даму үстінде. Оның ішінде құрылыс саласында да жаңалықтар жетерлік. «Өзенмұнайгаз» АҚ ең алдымен сапаны алдыңғы орынға қояды. Мердігер мекемелермен келісім-шартқа отырғанда қойылатын басты талап – сапа. Соңғы жылдарда кәсіпорында бой көтерген құрылыс нысандарының барлығы заманауи, толығымен модернизацияланған. Жаңа технологиялармен қамтылған.

– Жұмыс ауқымының өте үлкен екендігін тізбектеген құрылыс нысандарының атауынан біліп отырмыз. Осы уақыт ішінде сенімді серіктестеріңізге айналған компаниялар туралы айта кетсеңіз?

– Әрине, құрылыс саласы қарқын мен сапаны ұнатады. Сол себепті де, біздің мамандардың қайсысы болмасын өздері жауапты нысандардың сапасын жіті қадағалайды. Өткен жылдың қорытындысымен айтатын болсақ, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-мен қатар «Универсал Строй КЗ», «Сит-Строй», «Oil Construction Company» мекемелерімен бірлесе жұмыс істедік.

– Жоғарыда айтып өткеніңіздей, компания қызметкерлердің әлеуметтік ахуалына жіті мән беруде. Қандай тұрмыстық кешендер, өндірістік нысандарды салу жоспарлануда?

– Департамент әр жылдарда біздің қоғамның көптеген нысандарында жөндеу-құрылыс жұмыстарын атқарып келеді. Бұрғылаудан кейінгі айдау ұңғымаларын қалпына келтіру, жарнама газ құбырларының, су құбырларының реконструкциясымен, Жетібай-Қарамандыбас-Жаңаөзен жолын жөндеумен, әкімшіліктік және өндірістік нысандарды салумен айналысады. Қоғамға қарасты әрбір бөлімде қолға алынған құрылыс нысандарының қай-қайсысында болмасын біздің мамандар жүреді.

Оған қосымша, топтық қондырғылар мен өлшеу қондырғыларының өндірісаралық жолдарын қайта жаңғырту жұмыстары толық қарқынды жүргізілуде.

– Кәсіби мерекелеріңіздің қарсаңында қызметкерлеріңізге жалпы құрылысшылар қауымына не айтар едіңіз, жыл соңына дейін қандай жоспарларға басымдық берудесіздер?

– 2019 жылдың соңына дейін №1 СҚКБ-да ғимарат, 4 дана әкімшілік-тұрмыстық кешен, су құдықтарын салу, 140 км «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай құбырларының және мұнай өндіруші кәсіпорындардың су құбырларын қайта құру, өндірістік жолдарды жөндеу, әкімшілік ғимараттарды іске қосу жұмыстары атқарылмақ.

Әріптестеріме, барша құрылыс саласының мамандарына кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын дей отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілеймін.




ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚҰНЫ

Биыл «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жалпы құны 800 млн. теңге тұратын жаңадан алты әлеуметтік нысан салынып жатыр. Бірнеше ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 30-шілде күні бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары

дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасындағы аумағы 20 000 м³ су тұндыру қазандығының құрылыс қарқынын көріп, күрделі жөндеуден өтіп жатқан химияландыру және экология басқармасының зертханасы мен «Медикер» ЖШС ескі ғимаратында болды.

ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайын туғызып, жұмыс қарқынын арттыру мақсатында Сквжиналарға қызмет көрсету басқармаларында да қызу құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Атап айтсақ, қазіргі таңда №3 СҚКБ автотізбектерді жөндеу бокстары, тізбек басшыларының әкімшілік ғимараты, қойма күрделі жөндеуден өткізіліп, кіреберістері слагбаумдар жаңартылды. Жақын күндерде 51 техникаға арналған шатырдың құрылысы бас-

Мақсат Ибағаров пен күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор Бисен Ратов құрылыс барысымен танысу мақсатында бірнеше өндірістік нысандарды аралады.



Өндірісті аралау жақын арада пайдалануға берілетін №1 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының әкімшілік ғимаратынан бастау алды. Мердігер мекеме «Қараой-құрылыс» ЖШС учаске басшысы Қожа Үбиевтің айтуынша, бүгінде 98 пайызы бітіп тұрған, жобалық құны 212 млн теңгені құрайтын, заманауи құрылыстармен жабдықталған ғимарат жарты айда толық пайдалануға берілмек.

Басшылар №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №8, 11 мұнай-газ өндіру цехтарының әкімшілік ғимараты және асхана жұмысымен танысты. Мұнай

талмақ. №2 СҚКБ көліктерге арналған ангар салынып жатыр.

– Құрылыс жұмыстарының көп бөлігін «Кенқұрылыссервис» ЖШС жүргізуде. Бүгінгі барған нысандар – бүкіл өндіріс аумағында атқарылып жатқан құрылыстың бір парасы ғана. Жұмысшыларымыздың еңбек жағдайын жақсарту бағытындағы іс-шаралар тізбегі алдағы уақытта да үздіксіз жалғаса бермек, – деді М.Ибағаров.



Ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан «Өзенмұнайгаз» АҚ-на биыл – 55 жыл. Қала құраушы кәсіпорын саналатын мекемеде 9500-нан астам адам қызмет етеді. Газетіміздің кезекті санында қарашаңырақ – №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Скважиналарды жерасты жөндеу цехы жайында баяндаймыз.

ЦЕХТЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

СЖЖЦ – мұнай өндіруде жетекші орын алатын цехтардың бірі, жұмысы өте ауыр. Негізгі міндеті – мұнай өндіретін құрылғыларды бақылау, ақау шыққан жағдайда дер кезде байқап, жөндеу не ауыстыру. Оның үстіне, мұнайлы қаланың ауа райы да жанға жайлы емес. Жазда аптап ыстық пен аңызақ жел, қыста салқын болмаса да күшті дауыл жұмысшыларға жайсыз тиеді. Бірақ жыл бойы ауа райының ыстығы мен суығына қарамастан мұнайшылар зор жауапкершілікпен абыройлы қызмет атқарып келеді. Жер қойнауынан «қара алтын» игеруде тер төгіп жүрген цех мұнайшыларының бірлігі жарасқан.

№1 жерасты жөндеу бригадасының шеберлері Ақберді Салықбай мен Сансызбай Байдекешовтің мұнда қызмет еткендеріне 40 жылға жуықтаған. Тәжірибелі мамандардың айтуынша, еңбек ету үшін қазір қолайлы жағдайдың бәрі жасалған.

– Бұрын құбыр қатты болса, зілбалғамен соғып ашатынбыз. Заманауи техникалар келгелі бері жұмысымыз айтарлықтай жеңілдеді. Зілбалғаға күнімізді қаратпайды. Жұмыс өнімділігі артты. Біз еңбек жолын алғаш бастаған жылдары арнайы жұмыс алаңшалары деген атымен жоқ, жұмыс киімі жетіспейтін. Қыс ортасында резеңке етікпен жұмыс істеген күндер болды. Қазір аяғымыз жерге тимейді, алаңқайдың үстінде тұрып жұмыс істейміз. Ыстық тамағымызды уақытылы жеткізіп тұр. Жұмысшыға бұдан артық не керек? – дейді тәжірибелі мұнайшылар.

Еңбектің қадірін қара жұмыстың қазанында қайнаған осы цехтың №10 бригада шебері Ермұхан Құлжанов секілді азаматтар біледі. 34 жыл мұнай өндірісінде бел жазбай еңбек етіп келе жатқан мұнайшының басшылыққа алғыстан өзге айтары жоқ. Жастарға «адал еңбек етіңдер, барды бағалаңдар» деген ақылды айтудан шаршаған емес.

Өмір бойы осы цехта табан аудармастан еңбек етіп келе жатқан операторлар ағалы-інілі Мұратбай мен Еділ Аққұшақовтар мен Али Исмағұлов:

– Біз қызметке тұрған жылдары алыс ұңғымаларға құрал-саймандарымызды арқалап, қыста тоңып, жазда самайдан тер ағып, балшыққа белшеден батып жаяу баратынбыз. Біздің ата-бабаларымыздың мұнайшылықты кәсіп еткен алғашқы жылдардағы еңбегі мен тұрмыс тіршілігін айтпағанда, осы айтып отырған біздің көргендерімізді



Ақберді Салықбай



Сансызбай Байдекешов



Ермұхан Құлжанов

бүгінгі жастар ертегідей көреді, – деп күлімсіреп өткенді еске алады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Иә, бар саналы ғұмырын Өзен кенорнын игеруге арнап келе жатқан аға-мұнайшылардың айтқандары – қазіргі жастар үшін көрген түстей. «Елу жылда – ел жаңа» демекші жарты ғасырлық тарихы бар алып кәсіпорын бүгінде модернизация мен жаңару жолында қыруар жұмыс атқаруда. Өндірісті цифрландыру, заманауи технология енгізу арқасында еңбек өнімділігі артты, мұнайшылардың жұмысы жеңілдеді.

Осындай игі жаңалықтардың бірі – 2013 жылы іске қосылған Жерасты жабдығын жөндеу және диагностикалау

цехы. Аталған цех жұмысын бастағалы Скважиналарды жерасты жөндеу цехының жұмысы айтарлықтай жеңілдеді. Біріншіден, жаңа цех қолданыстағы жабдықтарды жөндеу есебінен оларды өндірісте көп пайдалануға, компанияның жерасты жабдықтарын сатып алуға шығыстарын үнемдеуге және сол арқылы мұнай өнімін игеруді ұлғайтуға мүмкіндік береді. Екіншіден, бұрын мұнайшылар ауа райының қолайсыздығына қарамастан ашық аспан астында қысы-жазы ыстық-суыққа қарамай қолмен атқаратын



жұмысты автоматты түрде орындайды. Сондықтан да, мұндай заманауи жаңа цехтың ашылуы мұнайшылар үшін қуаныш сыйлады. Бір цехтың қуаттылығы жылына 400 мың дана сораптық-компрессорлық құбырды, 300 мың дана сораптық штанганы және 10 мың дана тереңдік сорапты жөндеуге мүмкіндік береді.

Бақтыгерей Шопанов, Жерасты жабдықтарын диагностикалық және жөндеу цехы басшысының орынбасары:

– ТМД бойынша баламасы теңдессіз цех алты жылдан бері өз жұмысын үзіліссіз атқарып келеді. 300-ден аса қызметкеріміз бар. Оның 80-і әйел адамдар. Олар ер адамдармен тең еңбек етеді. Біздің басты міндетіміз – №1 МГӨБ және №3 МГӨБ-тен келетін ұңғылардан шыққан сораптық компрессорлық құбыр, сораптық шыбық және терең сораптарды тазалап, жөндеу және сұрыптау. Бір





тәулікте 1000-нан аса сораптық компрессорлық құбырларды жөндейміз. Оларды жарамдылығына қарай бөліп, жарамдысын өндіріске қайта жіберіп, жарамсызын бөлек жинаймыз. Сораптарды ашып, жөндеп, қажет болса қақпақшаларын ауыстырамыз. Бұрандаларын кесіп, жаңасын орнатамыз. Құбыр жуатын 4 ванна, сораптық шыбық пен терең сораптарды жууға арналған 4 ваннамыз бар. 60-70 дана компрессорлық құбыр бір мезетте 100 градус қайнаған суға арнайы ертінділер салып жуылады. Бұрын арнайы цех болмаған кезде осындай жұмыстарды мұнайшыларымыз өндіріс алаңында жауын-шашын, боранды күндерге қарамай ашық алаңда, қолдан жасалған ашық қазандықтарда жуды. Ол мұнайшылардың өміріне қауіп тудыратын. Қазір бәрі басқаша. Бәрі бір жерге біріктірілген. Қызметкерлеріміз де арнайы оқыған білікті мамандар. Барлық жағдай жасалған. Мұнайлы өлке болған соң, мұндай цехымыздың болуы мақтан тұтарлық жағдай! Өйткені, мұндай цех бізде ғана іске қосылған, – дейді.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Скважиналардың жерасты жабдықтарын ауыстыру цехына қарасты 14 бригада бар. 14 бригадада 170 адам жұмыс істейді. Әр жылдары бұл цехқа Орынбек Абишаев, Мұрат Құрманбаев, Ғалымбек Жұмалиев, Көшбай Қызамбаев, Ақманбет Ажмұханов, Мақсат Ақмендиев, Ғабидолла Әбілдаев, Сәрсен Отаров, Эдуард Өтесін, Қосай Досанов, Марат Садықов, Рахат Арғынбаев, Асқар Сүлейменов, Сәбит Өтеулиев, Бақтыгерей Шопан басшылық еткен. Былтырдан бері жетекшілік тізгінді Мақсат Мысаев қолына алған. Оның бұл цехта жұмыс істегеніне 16 жыл. Операторлықтан бастап, шебер, ауыспалы технолог, басшы орынбасары сияқты қызмет сатыларынан өткен.

– Биыл жылдық жоспарымызда 2184 скважина сорабын ауыстыру бекітілген. 6 айдың қорытындысы бойынша 1176 скважина сорабын ауыстырып үлгердік, яғни, жоспарды 84 скважинаға артық орындадық», – деді жұмыс барысымен егжей-тегжейлі таныстырған цех басшысы Мақсат Мұқашұлы.

Әр қызметкерін жеке атаған цех басшысының айтуынша, жігіттердің осалы жоқ. Ұжымдағы ауызбіршіліктің арқасында өндіріс жоспарын артығымен орындап қана қоймай, компания арасында ететін түрлі спорттық додаларда, білім бәсекелерінде, үздік маман сайыстарында үнемі алдыңғы қатардан көрініп келеді. «Өрине, көпшілік болған жерде сан түрлі пікір мен ой болады. Адамдарды бір ортаға біріктіретін тек тәртіп қана. Өзім бұл жолда Бауыржан атамыздың «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзін басшылыққа аламын. Тәртіп болған жерде тәрбие де, бірлік те болады, – деген Мақсат Мұқашұлы цехта ұзақ жылдар еңбек етіп, бүгінде бақылық болған Бақытжан Құсайынов, Жүсіп



Ибраһим САТЫБАЕВ, Кәсіподақ төрағасы:

Мұнай – қазақтың маңдайына біткен несібесі. «Қазынасы бар елдің қазаны ортаймайды» демекші жеті қат жер астындағы «қара алтын» жас мемлекетіміздің аяғынан тік тұруына сүбелі үлес қосқаны баршаға мәлім. Мұнайымыз қазақтың бағын ашып қана қойған жоқ, елдің келешек игілігіне әлі де көп жәрдем бермекші. Ендеше, барша жерлестерімді қазақ мұнайының 120 жылдық, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 55 жылдық мерейтойларымен құттықтаймын! Аспанымыз ашық, еліміз тыныш, мұнайымыз көп болсын!



Қаржауов, Ғабидулла Әбілқайыров, Батыр Ермағанбетов, Бердібек Жанаевтарды еске алуды ұмытпады. Іскер басшы сөз соңында барша әріптестерін, қала жұртшылығын Қазақ мұнайының 120 жылдық, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 55 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Цехтың жұмыскерлері шыбық көтереді, құбыр ауыстырады, сорап жөндейді. Бір сөзбен – ел игілігіне май шығаруға жұмыстанады. Асылында, нағыз еңбектің қазанында қайнаған қара жұмысшылар сөздің емес, істің адамы келетініне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Жұмыстың ұңғыл-шұңғылын толық игерген сақа мамандардың қарапайымдылығына таң қалып отырып, сүйсіндік. Бірлігі жарасқан ұжымның ісіне береке мен табыс тіледік. Кәсіби мерекелеріңіз, құтты болсын, ардақты мұнайшылар! Әрдайым еңбектеріңіздің зейнетін көріп, ел игілігіне қызмет ете беріңіздер!



КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Басы 2-бетте

ЕҢБЕГІНІҢ БАҚЫТЫНА КЕНЕЛГЕН

Оразғали Бекбосынов 1958 жылы Ақтөбе облысы, Жұрым совхозында дүниеге келген. 1971 жылы отбасымен Қызылсай ауылына көшіп келеді. Әкесі сырқаттанып, дүниеден өткен соң, шешесі үйелменді-сүйелменді тоғыз баламен жесір қалады. Осы жағдайдың әсерінен 16 жасар бозбала Оразғали үйінің үлкені ретінде еңбекке ерте араласады.

Алғашқы еңбек жолын 1974 жылы Өзен кен орнында оператор көмекшісі болып бастайды. Кейіпкеріміз сол кездегі бастығы Корчагин, бас инженері



Оразғали БЕКБОСЫНОВ, №2СҚКБ операторы

Тәжіғалиевтерді сондай жылы сағынышпен еске алады. Ешқандай жоғары білімсіз, дипломсыз, жолдамасыз еңбекке талпынған, үлкен өмірге қанат қаққан жас жігітті жұмысқа қабылдап, барынша қолдау көрсеткен ағаларына деген алғысы шексіз.

Екі жыл тынымсыз еңбек еткеннен кейін 1976 жылы әскерге аттанады. Келгесін 1978 жылы №2 СҚКБ-ға жүргізуші-оператор болып қызметке кіріседі. – Еңбек етіп келе жатқаным 45 жыл болыпты. Біздің кезімізде көліктің бәрі көне еді. Қыста, аязды күндері ол көліктің майы қатып қалатын да, таңғы сағат 6-да тұрып, су тасып, от жағатын едік. Далада түнейтін күндеріміз де болды. Соның ешбіріне де мойымадық. Жоспарды уақытылы орындап жүрдік. Агрегатқа ауысқаннан кейін топпен бірге мұнайшымен бірдей қызмет еттік. Жұмыстан кейін қалып, скважиналарды жіберуге көмектестік. Өйткені, бір бригадала 2 оператор мен бір ғана шебер болатын. «Сен – операторсың, мен – шопырмын» деп ешкімді бөле жарған жоқпыз. Бір сөзбен, барлық техникалық жұмыстарға бір кісідей атсалысып жүрдік, – деді ойлы жанары өткенге көз тастай отырып...

Қазір ғой, жұмысшыларға барлық жағдай жасалған, техника атаулы жаңартылған, арнайы формаға да дейін дайын.

1980 жылы жұбайы Шолпанмен отау құрып, дүниеге екі ұл, бір қызды келтіреді. Бекбосыновтар отбасын – мұнайшылар отбасы деп айтуға толық негіз бар. Үлкен ұлы Асқар – Қаражанбаста бас инженер, екінші ұлы Әлібек – №2 СҚКБ-да жүргізуші, қызы Бақыт – №3МГӨБ-та инженер. Балаларының бәрі де аяқтанған. 61 жасын қарсы алып, нағыз толысқан, кемелденген шағында ақ сақалды ата болып, тәп-тәтті 13 немере, жиен сүйіп отырған жайы бар. «Өмірде осындай дәрежеге жеткенім – қайран анамның арқасы, ал еңбек жолымды титтей де жетістікке жетсем, онда ол жол көрсетуші ұстазым Тезберген Өндіргалиевтің арқасы деп білемін», – деді сөз соңында кейіпкеріміз. Иә, көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. Оразғали Бекбосынов та солай, көп еңбек етіп, бақытқа кенелген жан.

«БӘРІ ДЕ МҰНАЙДЫҢ АРҚАСЫ»

Біздің кейіпкеріміз Назар Қожаның мұнайгаз саласында өзіне жүктелген міндетті абыроймен алып келе жатқанына 36 жыл. Ол өз өмірбаянын былай баяндайды: «1956 жылы 26-тамызда Тәжікстан Республикасында дүниеге келдім. Сонау аласапыран жылдары атамыз Жұмағамбет Орал өңіріндегі Нарын ауданынан Орта Азияға жер аударған. Әкем Көпжүсіп Қожатілеуұлы Бұқара қаласында дүние есігін ашқан. Содан әкем 1976 жылы «Маңғыстауға барайық, айналайын ағайын-туысты табайық» деп Бейнеу поселкесіне көшіп келгенбіз».

Алғашқы еңбек жолын Бейнеудегі Пенка 12/02 мекемесінде жүргізуші болып бастайды. 1978 жылы зайыбы Анаргүл Шералиевамен отау құрып, екі баланы дүниеге әкеледі. 1983 жылы Жаңаөзен қаласына қоныс аударады. Алғашында мұнайшыларды тамақтандыратын мекеменің қарамағында жүргізуші болып жұмыс істейді. 1989 жылы ТТБ мекемесіне ауыстырылады. 1997 жылы қазіргі №5СҚКБ мекемесіне ауысады. Со-



Назар ҚОЖА, №5СҚКБ құбыр таситын көлік жүргізушісі

дан бері осы мекеменің құбыр таситын көлігін жүргізіп келеді.

– Жұмысым өзіме ұнайды. Бәрі де мұнайдың арқасы, – дейді Назар Көпжүсіпұлы.

Иә, әуелі Алла, кейіннен мұнайдың арқасында Назар Көпжүсіпұлы бес үл тәрбиелеп өсірді. Оларды аяқтандырды. Қазірде төрт баласынан он шақты немересі бар. Ендігі арманы – кенже ұлы Нысанбектің үзегіне аяқ салғаны. Бір өкініштісі, жан жары, балаларының анасы Анаргүл апаның осы жақсылықтың, жақсы күннің көпшілігін көре алмай кеткені. Анаргүл апа осыдан үш жыл бұрын ауыр науқастан көз жұмған еді. Тағдырдың жазуына амал нешік?!

Жақсы өмір сүру дегеніміз – жақсы жұмыс істеу. Біздің кейіпкеріміз Назар Қожа саналы ғұмырында жақсы жұмыс істеп, жақсы өмір сүрді. Ал біз жақсы өмірі жандана түссін, еңбегінің жемісін, бейнетінің зейнетін көре берсін дейміз.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ ЖҰМЫС

Мұрат Табынбай 2007 жылдан бері №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында автокран жүргізушісі қызметін атқарады. Ақтөбенің тумасы осыдан 14 жыл бұрын мұнайлы мекенге табан тіреп, содан бері қарайғы өмірі осы басқармамен бірге өріліп келе жатқанын айтады.

Мұрат Панайбайұлы 1963 жылдың 14 желтоқсанында Ақтөбе облысы Алға ауданында дүниеге келген. Жұмысшы отбасында тәрбиеленген Мұрат жастайынан еңбекке араласады. Ауылда тракторист, механик секілді жұмыстар атқарып жүріп, Орал ауылшаруашылық институтында жоғары білім алады. 1982-84 жылдары Венгрияда әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтейді.

– Жұмыстың оңайы жоқ. Барлық жерде қиыншылық болады. Бастысы кәсіпімді жақсы көремін. Жұмысымды беріле атқарамын. Бірақ, жауапкершілігі де жоғары. Отбасымның ризығын осы жерден тауып отырмын, – деп күлімсірейді тәжірибелі жүргізуші.

Бүгінде Мұрат аға жолдасы Айгүл екеуі 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған бақытты отбасы. Балаларының алды Баян мен Фарида жоғары оқу орнында оқыса, ұлдары биыл 4-ші сыныпқа көшкен.



Мұрат ТАБЫНБАЙ, №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында автокран жүргізушісі



КАЙДЗЕН ӘДІСІНДЕ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ



ЖОБА



Шығыс философиясы, соның ішінде жапон мәдениетінде «Кайдзен» деген ұғым бар. Мұны жергілікті халық «бір минут ішінде» деп те атайды екен. Бұл әдістің ерекшелігін жапондықтар ықылым заманнан-ақ жете танып, күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналдырған. Кайдзеннің мақсаты-ысырапсыз өндіріске жету үшін шексіз жетілдіру. Осы ысырапсыз өндіріс біздің басқармаға да енгізіліп, бүгінде жұмысы алғашқы нәтижелерін беріп жатыр.

Компаниядағы Кайдзен әдісін жетілдіріп, тәжірибе алмасу мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының бекіткен «Ысырапсыз өндіріс» жұмыс тобы таяуда «Қаражанбасмұнай» кен-норында болды. Іс-сапарға «Өзенмұнайгаз» АҚ аппарат құрамы қызметкерлері, «КМГ Инжиниринг» технологиялық процестерді нормалау және ұйымдастыру департаменті қызметкері және Кайдзен жобасы енгізіліп жатқан № 2, 4 Мұнай газ өндіру басқармаларының пилоттық объектілердің жұмысшылары мен басшылары қатысты.

Қызметкерлер тәжірибе алмасу барысында теориялық және практикалық білімдерін толықтырып қана қоймай, жаңа технологиялармен, техникалық қондырғылармен танысты. Тәжірибе алмасудың нәтижесінде делегаттар кенорында жұмысты ұйымдастыру мен жұмыс жасау мәдениеті, өндірістік процестерді ұйымдастыру және техникалық қауіпсіздікпен қамтамсыз ету, қоршаған ортаны қорғауда өзгеше әдістермен танысып, компания өндірісіне енгізуге болатынына көз жеткізді. Жұмысшы топ 47 ұсыныс жазып басқарма басшыларына тапсырды. Ұсыныс бойынша №2 МГӨБ басшылығы іс-шара жасақтап, енгізу жұмыстарын бастап кетті. Алдағы уақытта делегаттардың ұсынысы енгізіліп, өндірісте оң нәтиже бере бастаған жағдайда «Ысырапсыз өндіріс» жоба тобы басқа кенорындарға нәтижелі тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыруды жалғастыра беретініне сенемін.

Жұлдыз МҰХАНБЕТҚАЛИҚЫЗЫ
№2 МГӨБ сапа жөніндегі инженер

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да жыл басынан бастау алған «Ысырапсыз өндіріс -Кайдзен» жобасы өзінің жақсы нәтижесін көрсетіп келеді. Өндірістегі қызметкерлер де аталған жобаны үйреніп, күнделікті жұмыс барысында қолдануға машықтанып жүр. Қоғамға қарасты өндірістік құрылым басқармаларында наурыз айынан бастап «Кайдзен» жобасын оқытып, түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Жақында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның бас ғимаратында «Кайдзен» жобасын түсіндіруге арналған семинар өтті. Шараға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі құрылым басары Нұржан Базарбайұлы бастаған департамент басшылары мен қызметкерлері қатысты.

ӨНДІРІСТІ ТИІМДІЛІКKE БАСТАЙТЫН ЖОБА

Кайдзен жобасы – өндіріс процестерінің үзіліссіз жетіле түсуіне бағышталған жапондық философия. Мақсаты – ысырапсыз өндіріс. Кез келген өзгерістерге адам үрке қарайды. Бұл – заңды құбылыс. Кайдзен адамға шығармашылық жолмен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Семинар барысында «ҚазМұнайГаз Инжиниринг» мекемесінің технологиялық процестерді мөлшерлеу және ұйымдастыру департаментінің бас сарапшысы Сергей Осмининмен осы департаменттің бизнес-тренері Асқар Дусмағамбетов Кайдзеннің шығу тарихын саралай отырып, соғыстан кейін елі қирап жеңіліс тапқан және жерінде пайдалы қазбасы мүлде жоқ Жапон елінің осы жүйе арқылы әлемнің дамыған 3-ші елі болып отырғаны туралы ақпаратты слайд түрінде көрсетіп, тың мәліметтермен бөлісті.

– Ысырапсыз өндіріс бұл – өнім өндіруге мүлде қатысы жоқ шығындарды жойып, өндірістік процесті үнемі жетілдіруге әрбір қызметкердің қатысу ынтасын көтеру арқылы сатып алушы қанағаттанатын сапалы тауар өндіру. Мәселен үйде адам санына қарай мөлшерлеп желініп таусылатын дәмді ас дайындау. Біріншіден, ас дәмді болмаса желінбей қалады. Екіншіден, артық қалған асты сақтауда бұзылу қаупі туындайды, мұздатқышқа салсаң орын алады және ысытылған ас құнары мен дәрумендерінен айырылады. Бұл мысалдың қортындысы – сол мезетте желінетін дәмді ас дайындау құндылық, яғни сапа болып саналады. Жапондықтар тура сол сияқты өндірісте нақты сатып алушыға қажетті тауар өндіру және осы тауарды өндіруге



және жұмыс орында 5С жүйесін енгізіп, жетілдіріп отырған жұмысшыларға сыйқақы беруді басшылық тартынан шешіп қойды», – деді Бағила Алдабайқызы.

Кайдзеннің 5С жүйесі 5 кезеңнен тұрады: іріктеу, тәртіпке келтіру, тазалық сақтау, стандарттау, үзіліссіз жетілдіре беру. Қажет емес заттардың көзін жою. Керек заттарды қалдырып, тиісті орындарына салып қою. Кайдзен жобасының мақсаты – өндірісте жұмыс істеп жатқан оператор жұмысын жеңілдету, тиімді әрі қауіпсіз ету. Қарапайым мұнайшы өз жұмысында кездесетін проблеманы шешу үшін ұсыныс беріп үйрену керек. Бұл басшылар мен жұмыскерлер арасындағы ішкі коммуникацияны қалыптастырады.

Семинар соңында қатысушылар «Мұнайшы өндірістегі жұмыс сапасының артқанын көрсетсе, мотивация пайда болады» деген байламға келіп тарқасты.



ҚАУІПСІЗДІК

САҚТАНСАҢ ҒАНА САҚТАЙДЫ

«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап» деген Абай атамыз адам өміріндегі еңбектің рөлін айқындап берген. Қай уақытта да болмасын еңбек адамның беделін көтеріп, өмір сүру әлеуетін арттырады және үлкен жауапкершілікке шақырады. Осы тұрғыда еңбек етудің маңыздылығымен қатар ондағы қауіпсіздіктің алатын орны да ерекше екендігін ескергеніміз абзал. Бүгінде сол бір қауіпсіздікке деген жауапкершіліктің салғырттығынан көптеген жандардың қиындыққа душар болып, бақытсыз жағдайларға ұшырап жататындығын естіп-көріп жүрміз.

Қай уақытта да, адам өмірі басты назарда екендігі баршамызға мәлім. Осыны ескерген компания басшылығы биылғы жылды «Еңбекті қорғау» жылы деп жариялады. Жұмыс барысында еңбек қауіпсіздігін сақтау әрі оны қорғау, өте маңызды міндет екендігін үлкен жауапкершілікпен сезіну – кез келген жұмысшының азаматтық борышы деп білемін.



Қазіргі таңда, «Өзенмұнайгаз» АҚ-да жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамсыз ету шаралары толығымен қарастырылған. Жұмыс барысында цехтың басшылық құрамы тарапынан күнделікті жүргізілетін нұсқаулықтар мен ақыл-кеңестер біз секілді жас мамандарға үлкен бағыт-бағдар береді. Біз еңбек ететін Механикалық жөндеу цехы арнайы техникаларға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, олардың

мүмкіндігінше тез арада жұмыс алаңына оралуы үшін қызмет етеді. Бұл тұрғыда цехтың әрбір қызметкері сақтық шараларын толығымен орындап, өз жұмысына барынша жауапкершілікпен қарайтындығы көңіл қуантады.

Халқымызда «Сақтансаң, сақтармын!» деген жақсы сөз бар. Әрбір қызметкер тек өз өміріне ғана емес, жанындағы жолдастары үшін де жауапты екенін толығымен түсінуі керек. Себебі, маңызсыз болып көрінген салғырттық түптеп келгенде үлкен қауіп-қатерге жол ашуы мүмкін. Сондықтан, мейлінше сақ болайық! Сіз бен біздің еңбек жағдайында қауіпсіздік шараларын сақтап, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауымыз – өндірісімізді арттырып, елімізді бәсекеге қабілетті озық елдер қатарына қосуға ықпал етері сөзсіз.

Азамат ҚАЗМҰҚАНОВ,
«Самұрық Сервис» БК» ЖШС автослесарі



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

№8 (42) ТАМЫЗ, 2019 ж.



ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕКЕЛІ КҮНІҢІЗ,



Мырзахан Нысанбаев – №4 мұнай-газ өндіру басқармасының бас техникалық жетекшісі.

1959 жылы Түркіменстан Республикасының Құмтау поселкесінде қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1976 жылы Небид-Дағтағы Жебел елдімекенінде 10-сыныпты бітіреді. Орта мектепті тәмамдаған соң қыркүйек айында Маңғыстауға қоныс аударады. Бір жылдай осында жұмыс істеп, ауылдағы әкешесі мен бауырларын қасына көшіріп алады. Сонда дейміз де, он алты жасар бозбала мықты ерік-жігерінің, өмірге және еңбекке шексіз құлшынысының арқасында небәрі бір-ақ жылдың ішінде ауылда қалған ата-анасын Жаңаөзенге көшіріп әкеледі. Қолсоғарлық ісі!

1976 жылы құрылыс мекемесінде 6 ай істеп, 1977 жылдың мамыр айында «Маңғыстаумұнайдың» қарамағына ауысады. №1 мұнай-газ өндіру басқармасында слесарь-жөндеуші болып жүріп, Технологиялық транспорт басқармасына ауыстырылады. 1991 жылы №1МГӨБ-ке қайта келіп, мұнда слесарь-жөндеуші, механик, цех бастығы қызметтерін атқарады. 2000 жылы ақпан айында №1МГӨБ-тің Бас техникалық жетекшісі қызметіне кіріседі. Бес жыл жасап, дәл осы қызметпен 2015 жылы наурыз айынан №4 мұнай газ өндіру басқармасына ауысады.

Мырзахан Нысанбаевтың міндетіне жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау, арнайы жұмыс формасымен жүруін қадағалау, жазатайым жағдайды болдырмау, әртүрлі шаралардан сақтандыру, алдын алу жұмыстары кіреді. «Жұмыс барысындағы жазатайым оқиғалар көбіне жұмысшылардың өзінің салғырттығынан, немқұрайлығынан, жұмысты тез бітіріп тастауға асыққанынан болады», – дейді ол.

Құдай қосқан қосағы Қамзия Әменова екеуі бір ұл, үш қыздан үш немере сүйіп отыр. Бір қызығы, Мырзахан ағаның бірде-бір перзенті мұнай саласын таңдамаған. Анығы, бұл саланың егжей-тегжейіне әбден қанығып, ауыры мен жеңілін қатар көрген әке таңдатпаған. Үлкен ұлы Сұлтанбек Астанада заңгер боп жұмыс істейді, ортаншысы Нұргүл – Оралға тұрмысқа шыққан, мамандығы – шығыстанушы. Үшінші перзенті Мейрамгүл заңгер болса, кенже қызы Әсем – республикалық «Хабар» телеарнасында журналист.

Осы салаға табаны күректей 42 жыл тер төккен Сізге де игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін дейміз! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Шығар шындарыңыз әрқашанда биік болғай!



Бір ұжымда 32 жыл табан аудармастан қызмет ету, өзінің бүкіл жастығы мен жақсы күндерін, шығармашылық потенциалы мен энергиясын арнап, мекеме құрылған алғашқы күндерінен бүгінге дейін бірге өрлеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондай жанның бірі «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның №1 МГӨБ Скважиналарды жерасты жөндеу цехының үйлестірушісі Гүлнар Қосбаева. Жаңаөзеннің төл баласы осында туып, осы жерде өсіп, өніп келеді.

Гүлекең бүгінде еңселі 55 жасын қаршы алып, өзінің сүйікті ұжымында бедел биігінің ұшар шыңынан қарап отырған жайы бар. 1981 жылы Т.Әлиев атындағы №1 мектепті үздік тәмамдаған соң, бір ғана сөмкемен арман қуып, Алатаудың баурайындағы әсем қала Алматыға аттанады.

Мұнда «дәрігер болсаңыз» деген әке тілегін қимаса да ішкі әлеміне құлақ түріп, қалауына ерік беріп, мұнайшы болуға бел байлайды. Бағына қарай жолы болып қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Политехникалық университеттің «Мұнай және газ кен орындарын өңдеу және пайдалану» факультетіне оқуға түсіп, тау-кен инженері мамандығын алып шығады. Үлкен қалаға бір ғана сөмкемен келген үрімдей жас қыз, тұрмыс құрып, ана атанып, оқуын бітірген соң туған жерге отбасылы болып оралады.

– Тұңғыш қызымды босанған соң денсаулық жағдайыма байланысты оқуды бір жыл кейін аяқтадым. Оқуды бітіргеннен кейін үкімет жұмысқа қабылдап, қызметтік пәтер берді. Бұрын жас мамандарға жақсы жағдай жасалатын. Содан бері мұнай саласында істеп жүргеніме 32 жыл. 90-шы жылдан бері Скважиналарды жерасты жөндеу цехындамын. Арасында геолог болып та жұмыс істедім. Мұнайшы болғаным еш өкінбеймін. Кәсібімді сүйемін, – дейді Гүлнар Майлыбайқызы.

Гүлнардың жолдасы Эдуард Өтесінов те – мұнайшы. Бүгінде мұнайшылар отбасынан бір ұл, екі қыздан ұрпақ өрбіп отыр. Ширек ғасырдан астам осы мекемеде табан аудармай қызмет етіп келе жатқан, екі дәуірді көрген өндірістің өз адамына «Бұрынғы мен бүгінгі жұмыс барысындағы өзгерістерге қандай баға берген болар едіңіз?» деген сұрақ қойдық.

– Байланыс дамымай тұрған уақытта скважиналардың жерасты жөндеу жұмыстары цехында диспетчер болып істедім. Ол уақытта бүткіл бригадаларға бір рациямен шығасың. Бір бригаданы шақырып алу мұң болатын. Бір сөзбен айтқанда, техникалық кедергілер көп еді. Қазір бригадирдің де, шебердің де, әрқайсысының өзінің жеке телефоны бар. Ешнәрсеге алаңдамай жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған, – деген кейіпкеріміз жұмыс жылдарындағы кешегі мен бүгінгінің ерекшеліктерін айтып берді.

Гүлнар Майлыбайқызы мен «Өзенмұнайгаз» екеуі түйдей құрдас. «Мен дүниеге келген жылы осы компания құрылған. Өзімнің «Өзеніме» толағай табыс, өнімді өндіріс тілеймін» деп ақжарма тілегін арнап жатты. Біз де Гүлнарды 55 жасымен құттықтай отырып, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз!



Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі. Десек те ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер 60-тың орны мүлдем ерекше. Осынау алтыншы асқардың шыңына аман-есен қол созып отырған әріптес ағамыз Талғат Нығметовті мерейтойымен құттықтаймыз.

Талғат Бидахметұлы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар селосында шаруа отбасында дүниеге келген. 1981-1983 жылдары Семей қаласында Семей Кеңес сауда техникумында оқып, өндіріс тауарларының саудасын ұйымдастыру мамандығын тәмамдайды. 1995 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне түсіп, мұнай және газ скважиналарын бұрғылау мамандығы бойынша сырттай оқып, тау-кен инженері маманы атанады. Еңбек жолын Комсомол селосынан бастап, кейін бітірген мамандығы бойынша жұмысшыларды жабдықтау мекемесінде сауда саласында қызмет етеді. 1986 жылы жұмыс жасау бағытын өзгертіп, мұнай саласына араласады. Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына орналасып, бұрғышының көмекшісі болады. 2007 жылдан бері №1 МГӨБ-те. 33 жылдық абыройлы еңбегінде басшылық тарапынан Құрмет Грамотасы, Алғыс хат, ең үздік бригадасына арналып берілген Дипломмен марапатталған.

Ағамызға берекелі өмір, денінің саулығын, отбасының амандығын тілейміз. Көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз.



Асқар Тлеуов №2МГӨБ №3 кәсіпшілікте оператор қызметін атқарады. Түркіменстанның Небид-Дағ қаласында дүниеге келген. Отбасымен төрт жасында Маңғыстауға қоныс аударып, Қызылсай елдімекеніндегі №4 мектепте білім алған.

1985 жылы №1МГӨБ-ке оператор болып жұмысқа орналасып, он жылдан аса уақыттан соң №2МГӨБ-ке кезекші оператор болып ауыстырылады. Содан бері осы мекемеде еңбек атқарып келеді. 35 жыл еңбегінде өз кәсібіне адалдық танытып, қарапайым еңбек адамының ерен үлгісін көрсете білді.

Гүлшат Үргешбаевамен отау құрып, төрт ұл-қыздың ата-анасы атанады. Балаларының барлығы әке жолын таңдаған мұнайшылар.

Мұнайшылар отбасында биыл – мереке, биыл –той. Отағасы Асқар Тлеуов – мерейлі 55 жаста. Өмірінің бел ортасынан асқан ағамызға биік бедел, асқақ абырой, берекелі өмір, ұл-қыздарының қуанышы мол болсын деген тілегімізді арнаймыз.



«Еңбектегі әр минут – бір несібе» ұстанымымен өмір сүретін Айткүл Аманжолова – мерейлі 50 жаста.

1986 жылы Бейнеу ауданында мектепті бітірген Айткүл Анысқызы жоғарғы оқу орнын да ойдағыдай аяқтап, үлкен өмірге қадам басады. 1991 жылдың 29 қазанында Өзен мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіне лаборант болып жұмысқа орналасады. Жұмыс жасай жүріп техникумда білімін жетілдіріп, 1996 жылы оператор қызметіне ауысады. Қазір осы 3-ші мұнай кәсіпшілігінде диспетчер болып жұмыс істейді, яғни 28 жыл бір мекемеде орын ауыстырмай тұрақты еңбек етіп келеді.

«Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!» деп заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтып кеткендей, Айткүл Аманжолова да ісіне адал, еңбегіне сенген еңбекқор жан. Бүгінде мерейлі елу жасын қарсы алып, үш ұл, бір қызының ортасында ойнап-күліп жүрген жайы бар. Осындай қуанышқа бөленген әріптесімізге еңбекте табыс пен абырой, көл-көсір ырыс-береке тілейміз!



Гүлжахан Ажибаева – мерейлі 50 жаста. Осынау айтулы күнмен құттықтамас бұрын, әріптестің өмір, еңбек жолына үңілсек деп едік.

Гүлжахан Бидағарақызы 1969 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Доссор кентінде көпбалалы отбасында дүниеге келген. 1986 жылы Гурьев политехникалық колледжін тәмамдап, 1989 жылы жас маман ретінде жолдамамен №2 мұнай кәсіпшілігіне техникалық қондырғы операторы болып жұмысқа орналасады. Кейіннен №2 МГӨБ №2 СЖЖЦ реттеуші пультін басқару операторы болып ауысады. Жұмыс арасында Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-ға оқуға түсіп, «Мұнай игеру және пайдалану» мамандығын игеріп шығады. 30 жылдан бері өндіріс саласының пұшпағын илеп, мамандығының қызығын да, шыжығын да қатар көріп келе жатқан ол: «Еңбек өмір шырағданына май тамызып отырады. Сол үшін де еңбек жолындағы қиындыққа мойымауға тырысасың», – дейді.

Гүлжахан апа отағасы Асан ағамен отбасындағы гүлі Ақеркенің тілеуін тілеп, бар жағдайын жасап отыр. Сол үлбіреген үмітіңіз – Ақеркенің сеніміңізді ақтасын! Сізді 50 жасқа толған төл мерекеңізбен құттықтаймыз. Осы уақытқа дейін жинаған даналығыңыз бен тәжірибеніз ізіңізден ерген жас буынға үлгі болсын.

БАҚЫТТЫ ҰЗАҚ ҒҰМЫР СҮРІҢІЗ!





БАС ДИРЕКТОР ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ



«Өзенмұнайгаз»
АҚ бас директоры Есен
Өтеев қарамағындағы бірқатар басшы
азаматтармен экологиялық таза аймаққа
жататын «Кендірлі» демалыс орнында, 10 күндік
«Медикер» шипажайында және «Ақбөбек» лагерінде
болып, демалыс орындарының жай-күйімен танысып қайтты.

Лагерьдің жатын бөлмелерін, асханаларды, демалыс базасын, медициналық сауықтыру орталығының ғимаратын аралап, жөндеуді қажет етіп тұрған көпірдің бүгінгі жағдайына көз жеткізді. Сондай-ақ, ем алушы мұнайшылар мен жазғы демалысын көңілді өткізіп жатқан мұнайшы балаларының көңіл-күйін байқап, ұсыныс-пікірлері мен тілектерін тыңдады.

Бас директор теңіз жағасында орналасқан лагерьге демалуға келген 4-кезеңнің балаларына демалыстарын жақсы әрі қызықты өткізуге тілектестігін білдіріп, жақсы көңілін жеткізді.

– Қуаныш пен шаттыққа толы балалық шақтың бал шырынын қанып ішкен өздеріндей балалардан болашақта ұлтжанды азамат өсіп шығады деген сенімдеміз. Жақсы демалып, мектепке тың күшпен оралып, білім алуға жаңа серпінмен кірісіңдер. Әрбір жас бойындағы білімін қазақты биікке шығаруға арнауы шарт, – деді Е.Өтеев.

Бұл күні демалушылар үшін қала өнерпаздарымен арнайы концерт ұйымдастырылып, әсем әуен мен қазақтың қасиетті домбырасынан жыр төгілді. Жиналған мұнайшылар қосыла ән шырқап, көңілдерін көтерді.



700 МҰНАЙШЫ СПАРТАКИАДАҒА ҚАТЫСТЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

БІЗДІҢ БАҚЫТЫМЫЗДЫҢ ОННАН ТОҒЫЗЫ
ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Артур ШОПЕНГАУЭР



«МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»

МҰНАЙШЫ

Шілденің ыстық аптапта,
Үскірік аяз қаңтарда.
Елемей жауын-шашынды,
Үлесін қосқан халқына.

Етене жақын еңбекке,
Елі үшін адал тер төккен.
Жер байлығын игерген,
Теңер ем ісін ерлікке.

Ғасырдан асқан тарихы,
Бүгінгі күнмен жалғасқан.
Мұнайлы алқап өңірдің,
Атағы талай елді асқан.

Еңбегі ерөн мұнайшы,
Мерейі өсіп молайсын.
Таусылмасын қазына,
Алғысын алып халықтың.



Аманжолова
Рамила
ГИМРАНҚЫЗЫ,
Мұнайшы

Қазақстан мұнайының 120 жылдығы және «Өзенмұнайгаз» АҚ 55 жылдық мерейтойларына орай, «Өзенмұнайгаз» АҚ басқармалары және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің арасында ұйымдастырылған спартакиада ойындары тамыздың 15-і күні қорытындыланды. Ә.Тұяқов атындағы дене шынықтыру және сауықтыру стадионында өткен салтанатты шарада «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов жеңімпаздарды құттықтап, марапаттарын тапсырды.

– Спорт – елдің мерейін өсіріп, абыройын асқақтатып қана қоймай, дені сау ұлттың қалыптасуына себепкер бірден-бір сала. «Өзенмұнайгаз» АҚ салауатты өмір салтын насихаттау,



бұқаралық спортты дамыту, жұмыскерлерді дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға тарта отырып, ұжым ішіндегі ауызбіршілікті нығайту бағытындағы жұмыстарды ұдайы жүргізіп келеді. Дәстүрге айналған мұнайшылар спартакиадасына жұмыскерлеріміздің қызығушылығы өте жоғары. Бұл өте жақсы көрсеткіш, – деді Мақсат Оңғарбайұлы.

Шілде айының 29-да басталып, екі аптаға созылған спорт додасында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайсервис» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС, «KMG-Catering» ЖШС және «СӨТБ» ЖШС командалары шағын футбол, баскетбол, волейбол, жүзу эстафетасы, жүгіру, арқан тарту және эстафета секілді спорт түрлерінен сайысты. Қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыта отырып, ұжым бірлігін арттыруды мақсат еткен спартакиадаға 700-ден астам адам қатысты. Жалпыкомандалық есепте I орынды бабы мен бағы қатар шапқан №1 МГӨБ иеленсе, II орынға №3 МГӨБ, III орынға №4 МГӨБ тұрақтады.



ОЗЕН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445
Журналистер: **Гүлсім Оспан, Айжан Насырова**
Пошталық мекенжай: gulsim08@mail.ru
Фотограф: **Қуаныш Қосай**
Пошталық мекенжай: joker_wap@mail.ru

«Атис» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады